

ӘОЖ 86'258.2

### ДӘУІР КОНТЕКСТІНДЕГІ З.ШАШКИННІҢ ТҰЛҒАСЫ

**Манарбек Айгерім Жалғасбайқызы**

[gera-0695@mail.ru](mailto:gera-0695@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің  
аударма теориясы және практикасы кафедрасының  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – М. Бөрібаева

Қазақ прозасының классигі Мұтар Әуезов кезінде өзінің өкшесін басып келе жатқан жас жазушылар туралы «Екінші бір өнімді топ – Мұхаметжан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойландар, әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған жігерлі талант. Өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармашылық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі» деп жылы лебіз білдірген. Күрмеуге келмейтін он жыл жазушылық ғұмырында әр сәтін тиімді пайдаланған сол үшеудің біреуі – Зейін Шашкин [1, 6 б.].

Зейін Шашкин – жаңа заманның, жаңа өмірдің жыршысы, оның тақырыбы – халық тағдыры, заман бет алысы болған. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінен бастап революция дүрбелеңі шарпыған, аласапыран арпалыс, күрес пен тартыс өңіріне айналған қазақ жерінің, қазақ елінің ащы бейнет пен сордан шуақ жайлау алқабына жету жолы, бүгінгі таңда өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы шарықтай шалқыған, мәдениеті марқайған іргелі ел болғандағы мағыналы, берекелі өмірі – мінеки Зейін Шашкин творчасының өзекті арқауы осылар. Ол өз шығармаларында заман ағымын, уақыт ерекшелігін сипаттайтын кесек, өзекті проблемалар көтерді, жаңа қаһармандар әкелді. Оның шығармалары азаттық сарынымен, қызықты, тартымды сюжетімен ғана емес, әлеуметтік мәнді кесек оқиғалармен жеке адам өмірін, қаһарман тағдырын астастыра суреттеу, қаһарманның ішкі жан дүниесіне үңілу шеберлігімен ерекшеленеді. [2, 54-56б.]

Зейін Шашкиннің тағдыры, күрделі, ойқыш ойқысы көп тағдыр. Жазушы, дәрігер және драматург Зейін Жүнісбекұлы Шашкин 1912 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Бозшакөл ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген.

Руы қозған. Ата-анасы, туған-туысқандары 1913 жылы Бозшакөлден Жаймаға қазіргі 3.Шашкин атындағы шаруашылық орналасқан ауылға көшіп барып қоныстанып қалған. Оның бүкіл балалық шағы осы Қызылтау-Жайма өңірінде өтті. Әкесі Жүнісбек жергілікті байларға қарсы бас көтергені үшін Сібірге айдалды. Айдаудан келгеннен кейін, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, Кеңес өкіметін орнату жолындағы күреске атсалысты. 3.Шашкин алғаш Баянауылда орыс мектебінде оқыды да, кейін 1920 жылы болашақ жазушыны ағалары Дайырбай, Сағымбай оны Керекуге алдырып, екінші басқыш орыс мектебіне (ол бұрын гимназия) оқуға түсірді. Сауатты, көзі ашық, қадірлі ағалары Зейінді аялап, мәпелеп өсірді. Оның болашағына көп үміт артты. Зейін ол мектепте қазақтың белгілі ғалымы, қазақ журналистика ғылымының негізін салған ғылым докторы, профессор Қалижан Бекхожинмен оқыды.

Мектепті тәмамдағаннан соң Зейінді Өлкелік партия комитетінде істейтін ағасы Сағымбай Алматыға алдырып, оқуын әрі қарай жалғастыру үшін жолдамамен Мәскеуге оқуға аттандырды. 1930 жылы Мәскеу тарих, философия және филология институтына түсіп, оны 1933 жылы үздік аяқтаған. Жаратылысында зерек әрі қазақ, орыс тілдерін жете меңгерген ол институтты ойдағыдай бітіріп, Алматыға оралды. Сол кезден бастап әдебиетпен әуестене бастады. Алғашқы шығармалары 30 жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде, «Әдебиет майданы» журналында жарияланды. Өлеңдері, сын, зерттеу мақалалары, бірлі-жарым әңгімелері жарық көрді. Журналистика институтында әдебиеттен дәріс оқыды.

Мәскеуде оқып жүрген кездерінде қазақ, орыс тілдерінде шағын көркем әңгіме, мақалалар жазып, олар Мәскеу баспаларында, республикамыздың газет-журналдарында жарық көріп жүрді. Газет, баспасөз орындарында қызмет істеді, институтта сабақ берді. Әдебиет теориясы оқулығын даярлауға атсалысты. Бұл кезеңдегі әдеби еңбектердің ішінде Абай поэзиясының тілі, Асқар Тоқмағамбетов шығармашылығы жайлы зерттеу мақалалары назар аударарлық. Жиырма алты жасар Зейінді 1938 жылы Семей педагогикалық институтында, студенттердің алдында дәріс оқып тұрған жерінен қолына кісен салып ұстап алып кеткен. Екі жылдай Алматыдағы абақтыда жатады, 1941 жылы Сібірге он жылға айдалды. Одан келгеннен соң советтік кезінде айдаудан, абақтыдан келген азаматтардың азаматтық құқығы болған емес. Соғыс уақыты, дәрігерлер жетіспей жатқасын, көзі ашық, талабы барларды Иркутск медициналық институтына апарып оқытқан. Сол Иркутск медициналық институтында Зейін Шашкин де білім алады. Ялта денсаулық сақтау және климатология ғылыми-зерттеу институтының бұрынғы директоры, профессор М.С. Бинштокпен сол жерде танысқан.

Кейбір деректер бойынша Зейін сол кісінің қасында дәрігердің көмекшісі болып істейді. Институтта диплом бермеген. «Дипломсыз дәрігер» деген куәлік алып, ақталып, 1948 Қарағандының Киров ауданындағы ауруханаға орналасады. Сол жылы ол шұғыл түрде емтихандарын тапсырып, дәрігер дипломын қолына алады. 1948-1956 жылдар аралығында Бурабайдағы «Бармашино» санаториінде (қазір – «Светлый» шипажайы) дәрігер-фтизиоларинголог болып қызмет атқарған. Зейін Жүнісбекұлы Қазақстандағы өкпе және көмей туберкулезін рентген сәулесімен емдей бастаған алғашқы дәрігерлердің бірі. Соңғы 6 жылдың ішінде ол санаторидің бас дәрігері бола тұрып, туберкулезге шалдыққан жүздеген науқастарға үміт отын сыйлайды. Біршама уақыттан кейін Зейін Шашкин Алматыға ауысып, жазушылық қызметпен біржола айналысты.

Шығармашылық жұмысты университеттегі сырттай оқумен, кең көлемді қоғамдық-саяси жұмыспен ұштастырды. Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының секретары болып, Алматы қалалық Советінің депутаттығына сайланады. Қазақ совет әдебиетін дамытудағы жемісті еңбегі үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1958 жылы жазушы Зейін Шашкинді «Құрмет белгісі» орденімен марапаттайды. Зейін Шашкин шығармашылығының кемеліне келген шағында 1966 жылы 29 наурызда 54 жасында ауыр науқастан кейін мезгілсіз қайтыс болады [3, 253-262 б.].

Зейін Шашкин 10 жылдан астам уақыт қуғын-сүргінде өмірін өткізсе де, қазақ

әдебиетіне сүбелі үлес қосты. Қаршадайынан бастап, елудің ортасына да жетпеген қысқа ғұмырынның арпалыссыз, жағаласыз өткен кезеңі жоқтың қасы.

Зейін Шашкин советтік заманды жан-тәнімен сүйген жазушы болатын. Жаңа заманның әр жетістігі оны шаттандырады, керісінше әділетсіз шешімдер, көзбояушылық, шалыс қадамдары қабырғасын қайыстыра толғантады. Әлі келгенше, өз заманының бейнесін романымен де, повесттері, әңгімелері, мақаласымен де, халқына, сол замандағы билік басшыларына өткір сөзбен, бар күшімен жеткізуді мұрат тұтқан. Ауру айналдырып жүрсе де, жатпай-тұрмай ізденіп, кедергі атауларымен арпалыса жүріп, азабына көне жүріп, кейде көкірегін өкініш сезімдері өртеп, кейде балаша қуана жүріп, сарыла еңбектенген. Мұны әр шығармасынан, мақалаларынан, достарына хаттарынан айқын аңғарамыз. Жазушының өз өмірі, тағдыры қандай мың мен сырға толы болса, шығармашылық жолы да, ақ беттің үстіне түзу сызылған түзу сызықтай түзу болмаған, қилы бұралаң жолдар, иірімдер мен сын-соққы нөсерлерді де бастан өткерген. Осындай өмір сынақтары Зейін Шашкинді қиналта жүріп, құлшындыра түсті, қиынға ұмтыла түсті, жаңа, бұрынғыдан құнарлы, нәрлі, өміршең шығармаларымен жауап берді. Прозаның көлемді жүгін арқалай жүріп, әркім бармаған соны арналарға жол сала жүріп, ауызға аларлық шығармалар бере жүріп, драматургия, кино саласына да қол артты ол. Әдеби сын, очерк, публицистика саласында да белсенді еңбек етті. Тікелей әдебиетте аз ғана уақыт еңбек еткенімен ол артына өшпес із, туған әдебиетінің алтын қазынасынан орын аларлықтай игі мұра қалдырды.

Зейін Шашкинді көзі тірісінде «қазақтың Чеховы» деп атаған. Оның бір себебі, ол Чехов, Вересаев, Булгаков сынды медицина мамандығын бітіріп, дәрігерлік қызметін әдебиетпен ұштастырды. Келесі себебі ұшқыр ойлы, өткір тілді, шындықты баламасыз, боямасыз, ақты ақ, қараны қара деп жеткізетін жазушы болған. Осындай өжетігі Зейін Шашкинді тарихи-революциялық тақырыбына қалам тербеуге себеп болған; жаңа советтік өмірдің үлкен күрес, қиян-кескі тартыс үстінде жасалғанын өз көзімен көргендігі бір болса, екінші жағынан оған жетекші, басшы болған еразаматтарды, еңбегі сіңген қайраткерлерді қастерлеу, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсыну мақсатын көздеген еді.

Зейін Шашкиннің тарихи-революциялық тақырыпқа баруының ішкі себебі: жаңа советтік өмірдің үлкен күрес, қиян-кескі тартыс үстінде жасалғанын өз көзімен көргендігі бір болса, екінші жағынан оған жетекші, басшы болған ер-азаматтарды, еңбегі сіңген қайраткерлерді қастерлеу, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсыну мақсатын көздеген еді. [4,11 б.]

Елі мен өмір үшін өлгенше күресумен өткен, егеске толы еңселі ғұмыр көз алдымызға келеді. Зейін Шашкин әрдайым заманына үңілді. Ешнәрсеге бейтарап қарай алмады. Зейін Шашкин кеңес әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, қазақ прозасын байытқан образдар галереясын жасаған қаламгер. Жазушы шығармаларында сомдалған замандас бейнесі әрқашан дара, табиғи болмысымен ерекшеленеді. З.Шашкин – психолог жазушы, соның арқасында ол өз қаһармандарын бүкіл қыры-сырымен, қайшылығымен жан-жақты көрсете білді. Жазушының жаңашылдығы ретінде кейіпкердің іс-әрекетінің себебін, психологиялық астарын ашып көрсету арқылы «жағымсыз» деп келген бейнелердің өзінен қарама-қайшылыққа толы күрделі характер сомдай білуін атап айтуға болады. Кеңес дәуірінде кеңінен етек алған дәстүр бойынша жау бейнесі жалғыз қара бояумен ғана суреттелген шартты образ болатын, ал З.Шашкин өзінің шығармаларында ақылы мен жігері ешкімнен кем түспейтін жаудың күрделі бейнесін сомдады

З.Шашкин шығармаларында өзі өскен, өмір сүрген дәуірін сипаттады. Кеңестік тоталитаризмнің қатаң жүйесін өз басынан өткерсе де, большевиктердің мұратына шынайы сенген жазушы шығармашылығында да заманының қоғамдық мәселелерін социалистік көзқараспен бейнеледі. Солай бола тұра Зейін Шашкиннің өз шығармаларында шыншыл болғандығын, адалдықты темірқазық жұлдызындай санағанын мына сөздерінен көруге болады: «Дүниедегі жақсылық – адалдық деп білем! Адалдық – өмірдің Темірқазығы. Бұрынғы заманда айдалада, қара түнде жолаушы жұлдызға қарап жол табатын еді, сол сияқты «өмірдің Темірқазық жұлдызы – адалдық екен!» Темірқазық Жазушы өз замандасының, XX ғасырдың ортасында өмір сүрген тұтас ұрпақтың бейнесін жасады. Оның

шығармаларының тарихи құндылығы да осында [5, 54-56б].

Біз диссертациялық зертеуде З.Шашкиннің Ақ тұяқ [6] атты шығармасының ағылшын және орыс тіліне аударылу ерекшеліктерін зеріттеу үстіндеміз. Әлі күнге дейін З.Шашкиннің орыс, ағылшын тілдеріне аударылған шығармалары ғылыми зеріттеудің нысаны болмаған, осы тұрғыдан қарағанда біздің зеріттеу жұмысымыздың маңыздылығы өте зор деп ойлаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ақшолақов Т. Зерделі ойдың зергері (З. Шашкиннің туғанына – 90 жыл) // Қазақстан мұғалімі. – 2003. – 28 ақпан. – 6 б.Шашкин Зейін. Доктор Дарханов: роман. - Алматы, 2010. - 480 б. - (Қазақтың 100 романы).
2. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы ШЫНДЫҚ ДЕП ӨТКЕН ЖАН ЕДІ Жазушы, дәрігер Зейін Шашкинге арналады. – Алматы, 2013. - 54-56 б.
3. Кәкішев Т. Саңлақтар. Шығармалары Т.1. – Алматы: Ана тілі, 2007, 253-262 б.
4. Райымқұлова-Шашкина М. Жазылмаған жазулар // Қазақ әдебиеті. – 2012. – 16 наурыз. – 11 б.
5. Шашкин З. Теміртау. Сенім / Зейін Шашкин. Роман. – Алматы: Service Press, 2012. – 46
6. Шашкин З. Ақ тұяқ . Әңгіме.-Астана 2015.-45б